

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Тарих, археология және этнология факультеті
«6D020800 Археология және этнология» мамандығының PhD
докторанты докторанты Жуматаев Ринат Сериковичтің
«Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен ортағасырларда мекендеген
жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (мәденигенездік аспект)»
тақырыбындағы философия докторы (Ph.D.) дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Ежелгі замандардан бастап-ақ жылқы малының адамдардың тұрмыс-тіршілігінде алатын орны нақты айқындалды. Оның шаруашылықтағы және соғыстағы артықшылығы оған деген ерекше ілтипатты қалыптастырды деседі болады. Әсіресе, көшпелі халықтардың қоғамдық өміріндегі жылқының маңызын сипаттаудың өзі артық болар. Яғни, оларда жылқы жай ғана көлік құралы емес, батырлардың айнамас жолдасына, әртүрлі жосын-жоралғылардың белгілі бір кейіпкеріне айналады. Осылайша жылқы біртіндеп көшпелі халықтың осы дүниедегі серігі болып қоймай, қайтыс болған адамды о дүниеге аттандыру ғұрыптарын жүзеге асыру барысында өзіндік орынға ие болады. Оған дәлел ретінде елімізбен іргелес өңірлердегі ескерткіштерді айтпағанда, Қазақстан территориясындағы сонау энеолит заманымен мерзімделетін Ботай, Терсек ескерткіштерінен бастап қола, ерте темір және орта ғасырлық жерлеу орындарынан табылған жылқы қаңқаларын немесе оның кейбір бөліктерін келтіруімізге болады.

Зерттеу жұмысында энеолит дәуіріндегі Қазақстан территориясында жылқыны қолға үйретіп, мініске, күш-көлікке пайдаланудан бастап XX ғасырдың басына дейінгі 5,5-6 мың жылдар шамасындағы қазақтың салтаттылық мәдениеті қарастырылады. Жылқы бұл еңбекте дәстүрлі мәдениеттің қазыналы қатпарларын қайта қарауға, қазақ ұлтының өзін-өзі тануының шешетін бір кілті болып табылады.

Бұл тақырып осы уақыттарға дейін жеткілікті деңгейде қарастырылмағаны белгілі. Сондықтан ізденуші бұл зерттеу жұмысында қазіргі талаптар бойынша өзіндік баға беруге тырысқан.

Жұмыстың құрылымы кіріспеден, төрт тараудан және қорытынды мен көрнекіліктен құралған қосымшадан тұрады. Кіріспеде жалпы мәселелер: өзектілік, мақсаты мен міндеттері, аймақтық және хронологиялық шеңбері, оған қоса деректік базасына сипаттама беріліп, қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар қаралған. Одан кейінгі төрт тарау ерттеу жұмысының басты мақсатын сан алуан деректермен саралай отырып, ізденуші мысты тас кезеңінен бастап этнографиялық дәуірге дейінгі Қазақстанды мекендеген халықтардың әдет-ғұрыптарындағы жылқының рөлін анықтап, оларға жан-жақты талдау беруге арналған. Диссертациялық жұмысты жазу барысында диссертант бұрындары қолданыста болмаған Археология институтындағы мұрағат құжаттарын, сонымен бірге өзінің далалық зерттеулер барысында

жинақтаған мәлеметтерін ғылыми айналымға енгізген. Сондай-ақ осы тақырыпқа байланысты қалам тартқан зерттеушілердің еңбектері өз бағасын алған.

Диссертацияда қарастырылған кез-келген жылқыға қатысты бағыттың дүниетаным, жерлеу ғұрпы, мәденигенез мәселелері жан-жақты да жүйелі зерттелуі Р.С. Жуматаевтың еңбегінің ерекше ден қойдырар ұтымды тұсы дер едім. Олай дейтінім диссертациялық жұмыс негізінен жылқы культінің ең шарықтау шегі қола және ерте темір дәуірлеріне арналғанымен, ізденуші бұл ғұрыптың бастауларын ашып қана қоймай оның тарихи-сабақтастық тұрғысындағы жалғасын бір ізде көрсетіп шыққан.

Бұл ретте диссертант, яғни алға қойылған міндеттерді толық ашу үшін археологиялық деректерден жерлеу ескерткіштерін, жартас бетіндегі суреттерді және кездейсоқ табылған олжаларды қолданған. Олардың әрқайсысы тақырыпты ашуда түрлі ақпараттық база ие екендігін анықтай отырып, ізденуші дүниетанымдық көзқарастарды кеңінен түсіндіретін жерлеу кешендеріне аса басымдылық берген. Бұл әрине қазақ жеріндегі қола және ерте темір дәуірлеріндегі, әсіресе жылқы жерлеу ғұрыптары кездесетін ескерткіштерінің кеңінен зерттелуімен байланысты.

Қазақ даласындағы жылқымен байланысты әдет-ғұрыптардың негізгі белгілерін толық әрі шынайы жаңғыртуда ізденуші іргелес өңірлердегі материалдарды, әсіресе түркі-моңғол халықтарының этнографиялық дәуірінен хабар беретін деректерді де кеңінен қолданған. Мұндай тарихи-салыстырмалы әдіс бүгінгі күнгі ғылыми түсініктер аясында жекелеген тарихи-мәдени қауымдастықтардың және жекелеген археологиялық мәдениеттердің шығу тегі мен таралу тұжырымын айғақтауға септігін тигізеді.

Жалпы жұмыста дүниетанымдық түсініктердің кешенді талдануы, әсіресе типологиялық тізбенің жасалуы қазақ даласындағы ежелгі дәуірден бастап этнографиялық кезеңге дейінгі тұрғындарының мәдени дәстүрлерінің негізгі қағидаларын жаңғыртуға септігін тигізген.

Р.С. Жуматаевтың қорғауға ұсынып отырған диссертациясының мазмұны автордың жоғары ғылыми дайындығын айғақтайды. Диссертанттың алдына қойған мақсаты мен міндеттерін толық орындаған, ғылыми соны нәтижелерге қол жеткізген елеулі еңбек, қазақ археологиясындағы ойсырап тұрға олқылықтардың орнын толтыруға бірден-бір лайықты, жоғары ғылыми дәрежеде орындалға зерттеу деп айта аламын.

Ринат Серікұлы өзінің диссертациялық жұмысына қойылған мақсаты мен міндеттерін толықтай орындап шыққан. Диссертацияның негізгі нәтижелері мен тұжырымдары ғылыми мақалалар түрінде бірнеше халықаралық конференциялар мен басылымдарда баяндалып, 13 мақала негізінде жарық көрді. Оның ішінде 5 мақала ҚР Бақылау Комитетімен бекітілген журналдарында, 7 мақала халықаралық конференциялар жинақтарында және 1 мақала импакт-факторлық Scopus базасында тіркелген журналда жарияланды.

Жуматаев Ринат Сериковичтің «6D020800 Археология және этнология» мамандығының академиялық дәрежесін алу үшін таңдалынып алынған диссертациялық жұмысы өзінің ғылыми – зерттеу бағыты және мазмұны жағынан мамандығына толықтай сәйкес келеді.

Жалпы алғанда жұмыс мазмұны, зерттеу нәтижелерінен алынған қорытындылары мен жаңалықтары, ұсыныстары мен тұжырымдары маңызды, диссертация мазмұны толығымен ашылған.

Р.С. Жуматаев «Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен ортағасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (мәденигенездік аспект)» тақырыбындағы философия докторы (Ph.D.) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысы белгілеген барлық талаптарға сай келеді. Жұмыс аяқталған, алынған ғылыми жаңалықтары ғылым үшін маңызды. Жұмыстың жалпы мазмұны ізденушінің алдына қойған мақсатын толықтай дерлік орындағандығын көрсетеді. Сондықтан Жуматаев Ринат Сериковичтің ғылыми жұмысын философия докторы (Ph.D.) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайық деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші,
тарих ғылымдарының
докторы, профессор**



Төлеубаев Ә.Т.

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Р.Е. Кудайбергенова

« _____ » 20 _____ ж.ж.

